# Веление времени

Жизнь нашего общества весьма разнообразна. Некоторые события заставляют задуматься над тем, в каком направлении мы двигаемся. Пример тому произошедший недавно случай. В конце ноября курьером был доставлен увесистый конверт из налоговой инспекции. В извещении, с изложением всех карательных мер, а именно, пени, штрафов и прочих санкций, стояла задолженность в размере **2 ТЕНГЕ.** Спрашивается, где логика? Поскольку конверт вручён, взята подпись о доставке адресату прямо в руки, то естественно, возникла необходимость разобраться. В отправившем это письмо комитете, за окошечками сидят беспечные молодые парни и девушки. По обратную сторону мается толпа из тех, кто по разным причинам вынужден обивать пороги данного ведомства. Возникает вопрос. Почему, прежде чем посылать такое нелепое уведомление тем, кто отвечает за это не разобраться на месте? Ведь сам конверт, бумага, и, наконец, работа курьера стоят в разы дороже, не говоря о потерянном времени граждан, вынужденных толпиться в коридорах.

Этот пример наглядно отражает работу разных структур. Непрофессионализм присутствует везде. По этой причине жизнь людей сильно осложняется, порой это приводит к человеческим жертвам. Подтверждением тому являются последние данные о работе медицинских учреждений, в которых по вине медперсонала гибнут люди, спецслужб, из рядов которых навсегда уходят в вечность убитые террористами, офицеры. Чтобы изменить сложившуюся ситуацию, ***в Агентстве по делам госслужбы, возглавляемой А. Байменовым,*** принимаются определённые меры. Учитывая то, что некоторые госслужащие не могут элементарно грамотно написать заявление, впредь они будут проходить тестирование на выявление их соответствия занимаемой должности. Известно, что «кадры решают все», а поэтому правильная расстановка работников по способностям с учетом их инициативности, креативности мышления, трудоспособности, поможет поднять работу в той или иной отрасли на должный уровень. Наличие профессионализма обеспечит прогресс в целом.

С созданием ЕЭП ужесточаются требования и к специалистам железнодорожной отрасли. Магистраль встала на инновационный путь развития, в связи с чем железная дорога откроет перспективы роста только тем, кто сумеет овладеть профессиональным мастерством, в процессе которого нужна преемственность поколений. Тем, кто стоял у истоков становления железнодорожной отрасли, есть что передать молодым. Ветеранам – железнодорожникам выпала трудная участь работать в голодные годы, во время войны, в эпоху перестройки. Благодаря их самоотверженному труду, Казахстан стал государством, узнаваемым во всем мире. Этому способствовало присутствие у нашего народа такого понятия, как «намыс» *(гордость, самолюбие).* Молодое поколение должно позаботиться о том, чтобы навсегда в прошлое ушли стереотипы, связанные с Азией, такие как дикость, отсталость. Будущее страны, её имидж на мировой арене в их руках.

***Садуов Н.Г.***

# Ұлты поляк, тілі қазақ!



Біз негізінде Тәңірдің тірегімен, табиғаттың тілеуімен жаратылған болуымыз керек. Өйткені жеріне, даласы мен тауына, ыстық-суық желіне байланысты, тобылғы түсті қоңыр өңдіміз-ақ. Мәдениетіміз де, әуеніміз де қоңыр сазды. Тіліміз досқа – жайлы, жұмсақ, дұшпанға – өткір пышақ, күшті қымызша кекірсе танау тіліп түсіргендей. Осының бәрі тектен-тек, жәй әшейін құбылыс емес.

Міне, сабақ аралық үзіліс қоңырау үні естіле, топты тәлмгерлердің ортасынан қазақтың сөзімен, дәмді тілімен, «қоңыр» емес, «сарғыш» сияқты дауыс естілді. Ол музыкалық әсердегі сезінуім, маған әжемнен ауған қасиет. Оқыс жалт қарасам өлгі дауыстың иесі, ортада сөйлеп тұрған ақ-сары бозбала екен. Ұлты қазақ емес, сыртынан беп-белгілі. Дереу тоқтағаныммен кібіртіктеп қалғаным рас. Атам қазақтың заңы бойынша: *«Қыз балаға қырық үйден тыйым»* салғаны белгілі ғой. Осы көріп-білгенімді өзімміздің редакцияға жеткіздім. Расында, жас жігіттің ұлты поляк болып шықты. Біздің ТЭК-дің тәлімгері, ПТСДМ Б.р. 1-1 топта оқитын, СВИНТИЦКИЙ Дмитрий Владимирович, Алматы облысы, Талғар ауданына қарасты Нұра ауылында (бұрынғы аты Октябрьде) 1995 жылы туған. Папасы мен мамасы жұмыскер адамдар. Жанұясындағы балалардың Дмиртий ортаншысы екен. Ауыл тұрғындары аралас болғандықтан, барлығы дерлік өзді ара қатынасты қазақша жүргізуді ғадетке айналдырған. Сол себептен сарысы да, ағы да қазақша сөйлеп, қазақы тілді тез меңгеру саясатын үдетуде. Жастардың түгелі дерлік мемлекеттік тілдің өрісін өсіргілері келетіне, біздегі Дима *(Дүйсеке)* соның дәлелі. Тарихи құбылыс спираль тәрізде қайталанады, бірақ міндетті түрде бір саты жоғарылау. Ал біздегі жақсылық елдің, халықтың көрегендігі деп түсіну керек. ҚР Президенті айтқан Жолдаудағы «Үш тұғырлы тіл», оны дұрыс игеру нәтижелі болады деп сенемін.



Осы топтың жетекшісі Сазанбаева Рабиға Уқайқызы, тәлімгер Свинтицкий Дмитрийдің сабақ үлгерімін жақсы деп бағалап отыр. Мектеп қабырғасында жүріп, ауыр атлетика және гир темірді көтеру спортымен шұғылданған көрінеді. Жігіт күшке бейімді, қиыншылыққа төзімді болып өскені өзіне абзал. Болашағынан үміт күттірер жас, және өзіміздің төл маман іскерлікке шыңдалып шығатынына сенеміз.

***ТЭК, тарих пәнінің оқытушысы, САРКЕЕВА Гүлнәр Тоқайқызы***

## Тәуелсіздік

Тәуелсіздік арман боп мына бізге
Жүрдік біз тәуелді боп көршімізге
Талайлар билік етіп төбемізде
Не нәубет төндірмеді төбемізге.

Жапа шектің қазағым, халқым менің
Сол кездері табиғатым салқын дедің
Қар борап, бет қаратпас борандарда
Берілмедің, қазағым не көрмедің.

Он алтыншы желтоқсан дала кезіп
Қан майданға айналды бала бесік
Жассың ба, кәрісің бе қарамады
Студенттің бәрінде қаралады.

Қайрат, Ләззат, Ербол, Сабиралар
Тәуелсіздік жолында күресті олар
Ерлік жасап елінің ертеңі үшін
Қыршынынан қайрылған қайран жастар.

Бүгінде жиырма жылға толып отыр
Оны дүние жүзі де көріп отыр
Тәуелсіз Қазақстан мерей тойың
Құтты болсын! –дегім менің келіп отыр.

***Қадырбаев Ғазиз Қайтбекұлы,***
***ТЭК, АТУБ 2-4 т. тәлімгері***



## XXI ғасыр қызы

Қылық ісі емге дәру
Кейбіреулер қызға зәру
Әжеміздей ақ кемеңгер
Қазаққа тән қыз өсіру.

Күллі Азия құрлығынан
Барлығының арасынан
Қазақ қызы асып түсті
Ой жүгірте бір қарасам.

Қыз Жібектен бастайық
Мәншүк, Әлияны айтайық
Тіпті, ҚҚЖУ-інің біздегі
Бойжеткендерін қостайық.

Бәрі білімгер, ақылды
Алғыр, өжет, ой-саналы
Екі тілде сөйлеп, жазып
Үшінші тілмен қамданды.

Бұл расында көрегендік
Болашақты хәм білгендік
Өктемдете талпынсаңдар
XXI ғасыр шын сендердік!

***Р-я***



## Қазақ қызы

Біздегі қыз, қоңыр шаш
Бойы биік, талдырмаш
Жұқа дене, сұлу бейне
Бақшадағы рас сандуғаш.

Сөйлесіп ем тап-тамаша
Үні де дұрыс қазақшаға
Тәлімді өскен бір үйдің
Баласы екен тап-таза.

Бейнесіне сән қосқандай
Қос жанары жарқырай
Ақ-сары беті өзіне тән
Екі ерні дәл оймақтай.

Қас – кірпігі туған Айдай
Әдеппен беті қызарып-ай
Қимылы, жүрісі жарасқан
Еліктің құтты лағындай.

ҚҚЖУ-інің осы қыз
Оқушы-тәлімгері ұқсаңыз
Бөтен моданы менсінбеген
Тура нағыз қазағымыз!

***Р-я***

# Жас «Жетімдер» үйінде

Ел елге, үй үйге қолғабыс бере алса, алды жасыл, арты асыл болар! –деп, атам қазақ ұлылықпен айтқан екен. Ал теміржолшы тілімен: *«Үлкен стансаларға кіші станса мен разъездер бағынып, қолғабысында жүруі керек»* -деп, алғашқы Түріксіб ардагері, Омаров Жұмағали бабамыз айтыпты. Бұндай қағида күні бүгін біздің өмір-тіршілігімізде кездесіп жүргені рас.

Қазақ Елі тәуелсіздігінің 20 жылдығына байланысты, Әуезов ауданы бойынша «Жетісу-3» ықшам ауданында *(бізден алыс емес)* жаңадан ***«Жетімдер»*** үйі ашылған еді. Сол жас ошақтың спорт түріне арналған *«Жасыл алаңының»* тұсау кесеріне, біздің ҚҚЖУ мамандары шақырылдық. Спортты қолдау туралы, ҚР Президентінің халыққа арнаған Жолдауында, бүкіл ел, оның ішіндегі жасөспірімдеріміз бірегей дене тәрбиесімен шұғылдануға тиісті дегенін білеміз. Осындай шараны қолдау ниетімен, ҚҚЖУ ректоры Омаров Амангелді Жұмағалиұлының нұсқауы бойынша, біз дене тәрбиесі ұстаздары, «Жетімдер» үйінің *«Жасыл алаңына»* келдік. Бізді ҚР еңбегі сіңген ұстаз, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Шәкіров Қобыланды Әлмұқанұлы бастап әкелді. Өзі осы спорт алаңының ашылуында салтанатты түрде сөз сөйлегені, бәрімізге тамаша абырой болғаны рас.



Бұл тойға ауданның әр ұжымынан 6 топ жиналыпты. ҚҚЖУ тобының капитаны Қоңқышев Нұрсұлтан 2-курс тәлімгері, барлық кездесуде асқан шеберлігі мен қоса шабуыл әдісте де нық ұйымдастырушы болғаны рас. Тіпті қорғаныс кезеңіне де үлгеріп жүрді. Тез, шапшаң жүгіріп, өзіне соғылған адам ұшып түседі, өйткені кешегі балаң жас, бүгін жігіт болып қалды. Былтыр колледжді тәмамдап, университетке автоматты түрде түскен еді. Оның спортпен шұғылдануға қатты көңіл бөлгенін білесіздер ғой, сонын арқасында дене құрылымы өсіп, бұлшық еттері қатайып, қазір бабындағы бәйге атындай шамада. Ақыры ҚҚЖУ командасы **І-ші** орынға ие болып, тағы бір сыннан сәтті өттік. Міне, үлкен үй кіші үйге қолғабыс берді деген осы шығар сірә.

Сондықтан, биылғы қабылданған тәлімгерлер, қалаға келгесін спортпен шұғылданғандарың дұрыс. Кейін ауыл-стансаға барғанда, тек ғана білім дипломы емес, спортсмен болып, мәдениеттің түрін игеріп баруға тиістісіңдер. Ол көзі ашық, көкірегі ояу адамның бойына отанжаншылдықты үдету, жігер мен қуат қосуы анық.

***Ұстаз, ТОЙШЫБЕКОВ Нұртаза***

# ДАС – кітапханасынан:

## *Нақыл сөздер/цитаты*

1. Білген адам өкінбейді, мейірман адам мазасызданбайды, батыр адам қорықпайды. ***Конфуций***

2. Мен ұлы мұхиттың жағалауында бір ғана кішкентай тас тауып алған балаға ұқсаймын. Таптым да қуандым. Ал ол мұхиттың жағалауымен түпсіз тереңінде сол секілді тастар қаншама. ***И.Ньютон***

3. Білімсіздік – ымырт, оны жамандық кезіп жүреді. Көшені жарықтандыруды ойласаңыздар, мархабат, ең бастысы ақыл – ойды ағартуды ойласаңыздар екен. ***В.Гюго***

Регистрационное свидетельство № 5180-Г от 08.04.2004 г. выдано Министерством информации Республики Казахстан
Периодичность издания - один раз в месяц.

Учредитель: Учреждение "Казахский университет путей сообщения"
Адрес редакции: г.Алматы, мкр."Жетысу-1", д.32А
тел.: (727)376-74-78(вн.528), (727)376-74-79(вн.528)
факс: (727)376-74-81, e-mail: kups1@mail.ru, www.kups.kz

**Главный редактор:** ОМАРОВ Амангельды Джумагалиевич
**Ответственный секретарь** - Садуов Назымбек Гайсиевич
**Редколлегия:** Тілеукеева А.Т., Абылагиева Ж.Б., Оразымбетова А.Ж.
**Фотокорреспондент:** Дүйсенбаева А.С., Төлеуов Н.Ж.

Газета сверстана и отпечатана в ТОО "Алла прима"
г.Алматы, ул.Ратушного,80
Заказ № 8. Тираж 500 экз.